



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – ЕЛ ЫРЫСЫ

Президент «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады.

Мемлекет басшысына бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы және холдингті дамытудың негізгі бағыттары баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа инвестициялық және кредиттік портфель 14,3 триллион тенгеге жетіп, 16,5 триллион тенгеге дейін артады деп болжанып отырғаны, бұл ретте жыл сайынғы таза пайда көлемі 400 миллиард теңгеден асатыны жөнінде мәлімет берілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша холдингтің қолдауымен 77,5 мың, соның ішінде кезекте тұрған 11,6 мың отбасы баспанамен қамтамасыз етілді.

Өткен жылы 77 ірі жоба мен шағын және орта бизнеске арналған 27,4 мың жоба қаржыландырылып, экспортқа тауар шығаратын 131 кәсіпкерге қолдау көрсетілді. Ауылшаруашылық тауарларын өндіретін 7,2 мың агроқұрылым көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін 11,4 мың техниканы лизингке алды.

Басқарма төрағасы жүргізіліп жатқан трансформация мен «Бәйтерек» холдингінің жана ұзақмерзімді даму стратегиясы жайында айтты. Жоба активтерді тиімді басқару, әлеуетті бизнеске қолайлы жағдай жасау және халықтың тұрмыс сапасын арттыру шараларына арналған проактивті инвестициялық холдинг моделіне көшуді қарастырады.

Бұдан бөлек, Президентке бірқатар инвестициялық жобаны іске асыру барысы туралы баяндалды. Жыл соңына дейін Инвестициялық кеңестің қарауына импортты алмастыруға, экспорт пен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған 26 жобаны енгізу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету, ұзақмерзімді инвестиция тарту маңызды екенін атап өтіп, шағын және орта бизнесті қолдау тетігін күшейту жөнінде міндет жүктеді. Сонымен қатар азаматтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыруға айрықша назар аударды.

ҚУАҢШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚАНДАЙ ҚОРҒАН БАР?



«Қазгидромет» тамызға арналған түпкілікті болжамында жоғары температураның сақталуы мен жауын-шашын тапшылығы атмосфералық құрғақшылықтың жалғасуына немесе одан әрі күшеюіне жағдай жасауы мүмкін екенін хабарлады. Дегенмен ел аумағындағы ахуал біркелкі емес. Солтүстік пен орталықтың бірқатар өңірінде ылғалдану көрсеткіші қалыпты деңгейге жақын болса, батыс және оңтүстік облыстардың кей аудандарында орташа құрғақшылық болжанып отыр.

→ 4

ҮЙІН ТАПҚАН ҮМІТ

Дүйсенбі күні қазнет дүр сілкінді. Экология министрлігі Үміт атты Амур жолбарысын бостандыққа жіберген сәттің видеосын жариялап, қоғамдық пікір екі айырылды. Ат төбеліндей азшылық тарғыл шерінің тарихи мекеніне оралуын қуана құптаса, көпшілік қауым бұл қадамға үзілді-кесілді қарсы шықты. Бірақ мәселе әлеуметтік желідегі әңгімеге ғана тіреліп тұрған жоқ. Бүгінгі наразылық ертең-ақ разылыққа ұласуы мүмкін. Ал жетпіс жыл бойы жолбарыстың табаны тимеген Іле-Балқаш табиғаты аң патшасын бауырға баса ала ма?

→ 2



Қуанышбек МҰҚАШ,
«Қайтарылған активтерді басқару
компаниясы» ЖШС-ның Бас директоры:

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР – ХАЛЫҚҚА ОРАЛҒАН НЕСІБЕ

Осыдан бірнеше жыл бұрын «қайтарылған активтер» деген ұғым көбіне сот процестерімен, тергеу жұмыстары және қоғамда қызу талқыланып жатқан істермен байланысты қабылданатын. Бүгінде бұл ұғымның мәні әлдеқайда кеңейді. Мемлекетке қайтарылған активтер енді жаңа мектептердің, ауруханалардың, ауызсу нысандарының, спорт кешендерінің және басқа да әлеуметтік инфрақұрылымның құрылысына қызмет етіп, халық игілігіне жұмсалуда.

→ 6



БАЛА АҚЫСЫ – ҚОҒАМНЫҢ АРЫ

Алимент өндіру саласында қордаланған, жүйелі түйткілдердің артында нақты адамдардың тағдыры тұр. Солардың бірі – көпбалалы ана Г.-ның оқиғасы. Ол жеке сот орындаушылары Н. мен Е.-нің әрекетіне байланысты көптен бері сергелдеңге түскенін хабарлады. Айтуынша, Алматы облысының жеке сот орындаушысы Е.-нің қаулысына сәйкес, борышкер Ж.-ға тиесілі Toyota Land Cruiser Prado маркалы автокөлігі тәркіленген және өндіріп алушыға берілуге тиіс болған. Бірақ қаулы шыққанымен, көлік сол бойы жалғызбасты ананың қолына тимеген. Құжат жүзінде тапсырылған дүние жолай ғайып болған.

→ 5



САЯСАТ

6 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Дүйсенбі күні қазнет дүр сілкінді. Экология министрлігі Үміт атты Амур жолбарысын бостандыққа жіберген сәттің видеосын жариялап, қоғамдық пікір екі айырылды. Ат төбеліндей азшылық тарғыл шерінің тарихи мекеніне оралуын қуана құптаса, көпшілік қауым бұл қадамға үзілді-кесілді қарсы шықты. Бірақ мәселе әлеуметтік желідегі әңгімеге ғана тіреліп тұрған жоқ. Бүгінгі наразылық ертең-ақ разылыққа ұласуы мүмкін. Ал жетпіс жыл бойы жолбарыстың табаны тимеген Іле-Балқаш табиғаты аң патшасын бауырға баса ала ма?

Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Тұран жолбарысын қайтару бағдарламасы — дүниежүзінде сирек кездесетін ауқымды бастама. Бұған дейінгі әлемдік тәжірибеде жануарлар бұрыннан қорғалатын ұлттық парктерге көшірілсе, Қазақстан мүлде басқа жолды таңдады. Жолбарысты әкелмей тұрып оған қолайлы табиғи орта қалыптастыру көзделді. Сондықтан 2018 жылы Іле өзенінің атырауы мен Балқаш көлінің оңтүстік жағалауын камтитын, аумағы 415 мың гектардан асатын «Іле-Балқаш» резерваты құрылды. Онда шаруашылық қызметке, заңсыз аңшылыққа, балық аулауға қатаң шектеу қойылды. Кейінгі оншақты жыл көлемінде өзен аңғарында тоғай алқаптары қалпына келтірілді. Жиле, торанғы, шетен ағаштары егілді, қалың қамыс өсірілді. Өрттен сақтайтын инфрақұрылым жасалды. Іле сағасындағы су арналары тазартылды.

Жолбарыстың мекенімен қатар қорек қоры да қарастырылды. Кезінде бұл өңірден тып-типыл жойылып кеткен тоғай бұғылары қорыққа жерсіндірілді. Жолбарыстың женсік асы — қабан да қолдан жем жеп, ерекше көбейді. Қорықтың шөлейт бөліктерінде бірнеше үйір құлан мен қарақұйрық жортып жүр.

Осындай тыңғылықты дайындықтан кейін ғана жоба жана кезеңге өтті. Ресейдің Приморье өлкесінен адамға үйренбеген, табиғи аңшылық түйсігі бар жолбарыстар әкелініп, Іле-Балқаш табиғатына біртіндеп бейімделді. Қазір резерваттағы жағдай технологиялық құралдармен үздіксіз қадағаланады. Инспекторлардың жұмысын тіркейтін жүйе, жүзден астам бейнебақылау камерасы, GPS-карғыбаулар арқылы әр жануардың қозғалысы назарда ұсталады. Бұл тек жолбарыстың тағдырын емес, бүкіл экосистемдегі өзгерістерді нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Мамандардың мәлімдеуінше, 1 млн гектарлық бұл аумақта жолбарысты жерсіндіру жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асады. Алғашқы кезеңде, яғни 2024-2030 жылдар аралығында табиғатқа

ҮЙІН ТАПҚАН ҮМІТ

10-15 жыртқыш жіберу жоспарланған. 2030-2040 жылдары олар өз бетімен өсіп-өніп, ұзын саны шамамен 30-50-ге жетуі керек. Табиғи орта толық қалпына келгенде Іле-Балқаш алқабы 70-100 жолбарысты еркін асырай алады деген болжам бар.

Жолбарыс — табиғаттағы қорек тізбегінің ең жоғары сатысында орналасқан жыртқыш. Оның Іле-Балқаш өңіріне оралуы өзеннің де, тоғайдың да, аң-құстың да тіршілік ырғағын өзгертеді. Мысалы, бұғылар мен қабандар ешқандай қауіп жоқ кезде бірде шектен тыс көбейіп, бірде індеттен күрт азайып, табиғи тепе-теңдік бұзылатын. Ал жолбарыс ауру-сырқау, көрі-құртаң, жаман-жәуітік жануарларды ең алдымен аулап, үйірлердің саулығын сақтайды. Тарғыл шері шөпкөректілердің мінез-құлқына да әсер етеді. Бұрын тұяқтылар өзен жағасындағы қалың тоғай,



ну қамыста ұзақ аялдап, белгілі бір жердегі жас өскіндерді түгел жайпап тастайтын. Жыртқыш келген соң бұл мамыражай өмір көздерінен бұл-бұл ұшады. Олар бір орында көп тұруға қорыққандықтан, жайылымдарын жиі ауыстыратын болады.

Жолбарыс жоғалған өлкеде шибөрі, түлкі, қасқыр, бұралқы иттер жойдасыз қаптап кеткен. Құстардың жұмыртқасын жарып, ұсақ аңдарды қынадай қыратын солар еді. Енді жолбарыс өзіне бәсекелес жыртқыштарды қорықтың шет жағына ығыстырып, олардың санын реттейді.

Сондай-ақ жолбарыс аулап жеген жем-тіктің қалдығы бүркіт, суббүркіт, құмай, құзғын сияқты құстардың, тіпті құрт-құмырсқаның да несібесіне айналады.

Мұның бәрі ақыр аяғында табиғат әлемін түлетеді. Бұғылар өзен жағасында ұзақ жайылмай, өсімдіктер еркін өсіп, жас ағаштар бой көтеріп үлгереді. Тоғайдың құрылымы күрделеніп, ағаш, бұта, шөп, қамыстың қалыңдауы топырақтағы ылғалды сақтап, өңірдің микроклиматын жақсартады.

Өзеннің өзі де бұл өзгерістен тыс қалмайды. Өсімдіктердің тамыры топырақты бекітіп, жағалаудың тозуын төмендетеді. Ілеге құятын бұлақ арналары да тұрақталып, судың лайлануы азаяды. Су тұнған сайын сазан, көксерке, ақмарқа секілді балықтар молынан уылдырық шашады. Қамысы шулаған, балығы тулаған өзен маңына бірқазан, құтан, тырна,



оның геодеректерін орталық базаға жолдап отырады. Жыртқыштың өміршендігін бағалаудағы ең маңызды өлшем — өзігінен аң аулай алуы. Егер жолбарыс 50 метр радиуста 4 сағаттан 24 сағатқа дейін тапжылмай тұрса, мамандар ол жерді ықтимал аңшылық орны деп есептейді. Кейін сол аумаққа барып, зерттеу жасайды. Ересек жолбарыс тәулігіне 5-7 келі ет жейді, сонда бір жылда 50-ден астам бұғы, қабан немесе құлан ұстауға тиіс.

Жобаның табысы жолбарыстың ғана емес, адамдардың қауіпсіздігімен де өлшенеді. Осы орайда Құйған, Жиделі, Шенгелді сынды ауылдардың айналасы цифрлық бақылау жүйесіне енгізілген. Алда-жалда Үміт ауылға шамамен 5 шақырымға дейін жакындаса, мамандарға бірден ескерту түседі. Ондайда негізгі мақсат — жыртқышты ұстау емес, оны адам қонысынан аластап, табиғи мекеніне қайтару.

Ғалымдар жабайы аңның өміріне орынсыз араласудан барынша тартынады. Сондықтан жолбарыс бірнеше күн аң аулай алмай жүрсе де, оған қолдан азық берілмейді. Жеңіл-желпі жарақат болса, медициналық көмек көрсетілмейді. Өйткені дәл сондай сынақтар жыртқыштың аңшылық қабілетін шыңдап, табиғи сұрыпталу заңдылығын сақтайды.

Дегенмен спутник белгісі ұзақ уақыт қозғалмай қалып, жануардың өміріне қауіп төнгені байқалса немесе байланыс мүлде үзілсе, арнайы топ дереу іздеуге шығады. Фототүзактар Үміттің салмағы 30 пайызға дейін азайғанын, ауыр жараланғанын яки қақпанға түскенін көрсетсе, ветеринарлар шұғыл іске кіріседі. Ал жолбарыс адамға қауіп төндіруді әдет қылса, қайтадан ұсталып, табиғаттан оқшауланады.

Әрине, қарапайым салық төлеушінің көкейінде: «Млрд-тап ақша шашқан бұл жоба елге нақты не береді?» деген сауал туатыны анық. Әлемдік тәжірибе бұл сұраққа баяғыда жауап беріп қойған. Сарапшылар мұндай жобаларды өңірдің болашағына салынған стратегиялық капитал деп бағалайды. Мәселен, АҚШ-тағы Йеллоустоун ұлттық паркіне қасқырларды қайта жерсіндіруге бастапқыда 5 млн доллар жұмсалған. Қазір сол қасқырларды көруге жан-жақтан ағылатын туристер жергілікті экономикаға жыл сайын 80 млн долларға жуық табыс әкеледі. Руандада тау гориллаларын тамашалау құны 1,5, мың долларды құрайды. Сол қаржының жартысы жергілікті халықтың тұрмысын түзеуге бөлінеді. Біздегі жолбарыс жобасы орайымен орындалса, Балқаш өңірінің экономикасы да жанғырады. Туристермен бірге жол, электр желісі, байланыс инфрақұрылымы дамиды. Инспектор, ғылыми қызметкер, қонақүй сервисі, жолбасшы, қайықшы тәрізді жүздеген жаңа жұмыс орны ашылады. Жергілікті шаруалар өз өнімін тікелей туристерге сатады.

Бағдарлама Қазақстанның ғылыми әлеуетін де күшейтеді. Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры, БҰҰ Даму бағдарламасы және Жаһандық экологиялық қордың қолдауымен резерваттың материалдық-техникалық базасы жанартылып, жол талғамайтын көліктер, дрондар, фототүзактар сатып алынды, жергілікті тұрғындарға шағын кәсіп ашуға гранттар берілді. Демек, бұл бастамаға жолбарысты қорғауға жұмсалған қаржы деп қана қарамау керек.

ТЕЛЕДЕБАТТЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

Астанадағы «Қазмедиа орталығында» Құрылтай сайлауына қатысатын саяси партиялар өкілдерінің «Жетінші арна» эфирінде телевизиялық дебаты өтті. Саяси науқан алдындағы кезекті пікірталас еліміздің білім беру саласындағы өзекті мәселелерге арналды.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Пікірталас басталмас бұрын саяси партия өкілдерінің сөз сөйлеу кезегін анықтайтын ашық жеребе тарту рәсімі болды. Жүргізуші партияларды кезекпен атап, реттік нөмірлер жазылған карталар салынған арнайы ыдыстан әр партия өкілінің картаны өзі таңдауына мүмкіндік берді. Жеребе нәтижелері электрондық жүйеде тіркеліп, экранда нақты уақыт режимінде көрсетіліп отырды. Жеребе тарту қорытындысы бойынша саяси партиялар өкілдерінің сөз сөйлеу реті белгіленді. Алғашқы болып Respublica партиясының өкілі Мейрамгүл Мәдәлі, екінші «Ақ жол» партиясының өкілі Дулат Тастекей, үшінші Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Максұт Насибулов, төртінші «Әділет» партиясының өкілі Рауан Кенжеханұлы, бесінші «Байтақ» партиясының өкілі Аслан Байзаханов, алтыншы «Ауыл» партиясының өкілі Шахмардан Байманов және жетінші Қазақстанның Халық партиясының өкілі Бейбіт Құсайынов рет-ретімен сөз кезегін алды. Пікірсайыс төрт кезең бойынша ұйымдастырылды.

Жеребе бойынша партия өкілдері бірінші кезеңде бір-біріне сұрақ қойып, сайлауалды бағдарламаларындағы басымдықтар, оларды іске асыру тетіктері және мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты. Теледебаттың екінші кезеңінде әр партия өкілі өз ұстанымын айтып, әлеуметтік желі арқылы келіп түскен сұраққа жауап берді. Үшінші кезеңде әр партия өкіліне залда отырған партия мүшелері сұрақ қойды.



Төртінші кезеңде партия өкілдері өз партияларының алдағы басым міндеттері мен ұсыныстарын жеткізді.

Respublica партиясының өкілі Мейрамгүл Мәдәлі жоғары білім беру жүйесін дамыту және оның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ұсыныстарын таныстырды. Партия шетелдік талапкерлерге арналған цифрлық қабылдау жүйесін енгізуді, қос дипломды бағдарламаларды кеңейтуді, білім экспортын дамытуды, тәуелсіз аккредиттеу жүйесін жетілдіруді және жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін кеңейтуді ұсынды.

«Ақ жол» партиясының өкілі Дулат Тастекей педагогтардың еңбек жағдайын жақсарту және жалақысын арттыру қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ партия әлеуметтік саясатты жетілдіруге және білім беру жүйесін дамытуға бағытталған заңнамалық бастамаларды жүйелі түрде ұсынып келе жатқанын атап өтті.

ЖСДП өкілі Максұт Насибулов жоғары білімнің қолжетімділігін арттыруды қолдайтынын айтты.

Оның пікірінше, жоғары оқу орындарында тегін білім беру популистік шара емес және мұндай тәжірибе Еуропаның бірқатар елінде сәтті жүзеге асырылып келеді. Партия жоғары білім алу мүмкіндігі отбасының қаржылық жағдайына ғана тәуелді болмауға тиіс деп есептейді.

«Әділет» партиясының өкілі Рауан Кенжеханұлы білім беру жүйесін цифрландыруға бағытталған бастамаларды таныстырды. Партия білім беру саласында жасанды интеллектті қолдануды кеңейтуді ұсынып, жеке деректерді қорғауға, цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға басымдық беретінін мәлімдеді. Сонымен қатар алдағы бес жыл ішінде 5 миллион қазақстандықты цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дағдыларына оқыту жоспарын ұсынды.

Ал «Байтақ» партиясының өкілі Аслан Байзаханов экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, экологиялық ағарту жұмыстары

балабақшадан бастап мемлекеттік басқару жүйесіне дейін үздіксіз жүргізілуі қажет. Сондай-ақ партия осы уақытқа дейін 150 мыңнан астам адамды қамтыған экологиялық сауаттылық бағдарламаларын жүзеге асырғанын атап өтті.

«Ауыл» партиясының өкілі Шахмардан Байманов «Дипломмен — ауылға» бағдарламасының орындалуын бақылауды күшейтуді ұсынды. Партия бағдарламаның іске асырылуын қадағалау тетіктерін жетілдіру қажет деп санайды. Сонымен қатар ауылдық квота арқылы жоғары оқу орындарына түскен түлектер оқуын аяқтағаннан кейін туған ауылдарына барып еңбек етуге тиіс деген ұстанымын білдірді.

Қазақстанның Халық партиясының өкілі Бейбіт Құсайынов колледждерді бейінді жеке компаниялардың сенімгерлік басқаруына беруді ұсынды. Партия өкілінің пікірінше, бұл тәсіл студенттердің оқу барысында өндірістік тәжірибеден өтуіне және оқу аяқтағаннан кейін мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына мүмкіндік беріп, білікті жұмысшы кадрлардың тапшылығын азайтуға ықпал етеді.

«Жетінші арнаның» тікелей эфирінде өткен телевизиялық дебатқа көрермендер ерекше белсенді қатысты деуге болады. Сонымен қатар көрермендер «Жетінші арнаның» ресми Instagram парақшасындағы арнайы жарияланымға пікір қалдыру арқылы да пікірталасқа атсалысты.

Тікелей эфир барысында әр кезең сайын QR-код арқылы онлайн дауыс беру жалғасты. Екі сағаттан артық уақытқа созылған пікірсайыс барысында көрермендер «Қай партия өкілінің сөзі өтімді?» деген сұраққа жауап беріп, өз таңдауын жасады. Арнаның тапсырмасымен дайындалған сұраққа КҚДИ жауап іздеп, дауыс беру қорытындысын тікелей эфирде жариялады. Нәтижесінде, «Әділет» партиясы — 45,48 пайыз дауыс жинаса, «Ауыл» партиясы — 15,58, Respublica партиясы — 12,01, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы — 9,71, «Ақ жол» партиясы — 7,98, Қазақстанның Халық партиясы — 6,96 пайыз, «Байтақ» партиясы 1,58 пайыз дауыс жинады.

СЫР ДИҚАНДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІН ТЫҢДАДЫ

«Әділет» партиясының Республикалық сайлауалды штабы еліміздің өңірлеріндегі жұмысын жалғастыруда. Қызылорда облысында Құрылтай депутаттығына кандидаттар энергетика, ауыл шаруашылығы, бизнес, білім, өнер және мәдениет салаларының өкілдерімен кездесті.

Сапар аясында делегаттар алдымен Қызылорда қаласындағы жаңадан пайдалануға берілген заманауи бу-газ жылу электр орталығына барды. Одан кейін кандидаттар «Өнер орталығында» өңір жұртшылығымен кездесті.

Сапар барысында Штаб мүшелері «Жан-арай» ЖШС өндіріс кешенінде Сыр өңірінің дикандарымен, «Панабек» жиһаз фаб-



рикасында шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесті. «Құзыреттілік орталығында» өткен басқосуға білім, өнер, мәдениет салаларының 500-ге жуық

өкілі қатысты. Сыр өңіріндегі келелі кездесулер 7 мыңнан астам адам қатысқан ауқымды ӘDILET EVENT қоғамдық іс-шарасымен түйінделді.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУЫТУ МАҢЫЗДЫ

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Ақмола облыстық филиалының өкілдері Көкшетау қаласындағы №19 орта мектептің педагогикалық ұжымымен кездесу өткізді.

Іс-шара партияның сайлауалды науқаны аясында ұйымдастырылып, білім беру жүйесін дамыту, педагогтердің мәртебесін арттыру және білім саласындағы әлеуметтік саясатты жетілдіру мәселелеріне арналды.

Пленарлық бөлімнен кейінгі ашық сұрақ-жауап сессиясында педагогтер кандидаттармен еңбекақы деңгейі, жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, кадр тапшылығы, кәсіби жүктеме, мектептердің материалдық-техникалық базасы және білім



беру жүйесін дамыту мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар партияның «Прогресс жолындағы 20 белес» сайлауалды бағдарламасының бағыттары таныстырылып, мү-

ғалімдердің ұсыныстары тыңдалды. Бұл ұсыныстар алдағы заң шығару жұмыстары мен Құрылтайға арналған бастамаларды әзірлеу барысында ескерілетін болады.

ТМД-дан КЕЛГЕН БАЙҚАУШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

«Байтақ» жасылдар партиясына Құрылтай сайлауын бақылауға келген ТМД Парламентаралық ассамблеясының халықаралық байқаушылары келді.

Демократияны дамыту мониторинг институты директорының орынбасары Евгения Еременко мен сараптама бөлімінің бастығы Роман Амбурцевді партияның орталық кеңсесінде бақылау комитетінің төрағасы Мұрат Ташибаев күтіп алды.

Халықаралық байқаушыларға партияның сайлауалды бағдарламасындағы негізгі басымдықтар таныстырылды. Кездесуде тараптар үгіт-насихат науқанының өту барысы, халықаралық бақылаудың маңызы, сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мәселелерін



талқылады. Партияның бастамасымен қазір ауқымды республикалық шара өтіп жатқаны айтылды.

Партия өкілдері ТМД Парламентаралық ассамблеясының ха-

лықаралық миссиясына алғыс білдіріп, оның объективті бағасы еліміздегі демократиялық үдерістердің одан әрі дамуына оң ықпал ететініне сенім білдірді.

БАСТЫ МАҚСАТ – ЕҢБЕК АДАМЫН ҚОЛДАУ



Қазақстан Халық партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидаттар «Мечта Маркет»

ЖШС-ға барып, кәсіпорын бастылығы және еңбек ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында қатысушылар өзекті мәселелерді, жаңа жұмыс орындарын құру, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын талқылады. Кәсіпорын өкілдері өз тәжірибелерін бөлісіп, кездесіп отырған мәселелерді айтып, оларды шешуге қатысты ұсыныстарын жеткізді.

Кездесудің басты мақсаты – еңбек ұжымымен ашық пікір алмасып қана қоймай, бизнесті дамытуға, еңбек жағдайын жақсартуға және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін ұсыныстарды қалыптастыру. Сондай-ақ тиімді өзгерістер еңбек адамымен, кәсіпкерлермен, ел экономикасының дамуына күн сайын үлес қосып жүрген еңбек ұжымдарымен тікелей диалогтан басталатыны туралы айтылды.

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ – САПАЛЫ ӨМІР НЕГІЗІ



Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында «Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат

Айтуғанов және кандидаттар Рабиға Токсеитова, Канат Асқаров, Ольга Клишина, Дилара Жұмағұлова және Александр Разинковпен бірге «Есіл су» фи-

лиалының ұжымымен кездесті.

Кездесуді ашқан Қайрат Айтуғанов сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

Жиында партияның инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғыртуға, су ресурстарын ұтымды пайдалануға және ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған сайлауалды бағдарламасы таныстырылды.

Жиын соңында ашық пікір алмасу өтіп, су шаруашылығы саласын дамыту, халыққа көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі ұсыныстар қаралды.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Ақ жол» демократиялық партиясының мүшелері сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында ULYTAU Group құрылыс компаниясының өкілдерімен кездесті.

Кездесуде құрылыс саласы мен баспаналы болуды армандайтын мыңдаған қазақстандық отбасы бүгінгі таңда бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелер талқыланды.

Кандидаттар жиынға қатысушыларды партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, шешімдердің тек кабинеттерде ғана емес, күн сайын осы салада еңбек етіп, жағдайды ішінен жақсы білетін мамандардың қатысуымен қабылдануы маңызды



екеніне тоқталды. Сонымен қатар бизнес, кәсіби қауымдастық және мемлекет арасындағы ашық диалог адамдардың игілігі үшін нақты нәтиже беретін шешімдерге

жол ашатынын айтты. Дәл осындай тәсіл тұрғын үйдің қолжетімділігін арттырып, құрылыс саласының одан әрі нығаюына мүмкіндік беретінін жеткізді.

ӨНДІРІС пен ЭКСПОРТ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Respublica партиясының республикалық сайлауалды штабы Жамбыл облысындағы күс етін өндіретін ірі кәсіпорынның бірі –

«Алель Агро» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті.

Құрылтай депутаттығына кандидат Еркебұлан Ахметов осыдан

он жыл бұрын Ауыл шаруашылығы министрлігінде қызмет еткен кезінде күс еті бойынша импортты алмастыру бағдарламасын әзірлеуге қатысқанын айтты. Сол кезеңде Қазақстан ішкі нарықтағы күс етінің шамамен 60 пайызын шетелден импорттайтын. Бүгінде мұндай кәсіпорындар елдің ішкі сұранысын қамтамасыз етіп қана қоймай, өнімін экспортқа шығарып отыр.

Кездесу барысында спикер Respublica партиясы үшін отандық тауар өндірушілерді қолдау, өндірісті дамыту және кәсіпкерлікті ынталандыру заң шығару қызметіндегі негізгі басымдықтың бірі болып қала беретінін атап өтті.

АГРОСЕКТОР

6 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Қазақстанның астық нарығында бір-біріне қарама-қайшы көрінетін екі жағдай қатар қалыптасып отыр. Былтыр жиналған мол өнім елдің экспорт көлемін арттырып, бұрын бармаған нарықтарға шығуға мүмкіндік берді. Алайда биылғы егіннің тағдыры әлі белгісіз. Тамыз айына арналған агрометеорологиялық болжамда бірнеше облыстың жекелеген аудандарында құрғақшылық сақталатыны айтылды.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Қазір қоймадағы астық шетелге жөнелтіліп, ресми есептер экспорттық рекордтарды көрсетіп жатқанымен, даладағы жағдай өзгеше болуы мүмкін. Жауын-шашынның аздығы мен жоғары температура өсімдіктің дамуына ғана емес, оның пісіп-жетілуіне, дәннің салмағы мен сапасына да ықпал етеді. Сондықтан биылғы аптаптың нақты зардабы егін орағы аяқталған соң анықталмақ.

Үкімет отырысынан кейін өткен баспасөз мәслихатында Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов құрғақшылықтан зардап шеккен фермерлерден әзірге министрлікке ресми өтініш түспегенін мәлімдеді. Алайда бұл алқаптарда мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Қолданыстағы тәртіп бойынша шаруалар алдымен келген залалды жергілікті атқарушы орган арқылы ресми тіркетіп, арнайы акт жасатуға тиіс. Мемлекеттік қолдау шаралары осы құжаттың негізінде қарастырылады.

ҚАУІП ҚАРТАСЫ КЕНЕЙДІ МЕ?

«Қазгидромет» тамызға арналған түпкілікті болжамында жоғары температураның сақталуы мен жауын-шашын тапшылығы атмосфералық құрғақшылықтың жалғасуына немесе одан әрі күшеюіне жағдай жасауы мүмкін екенін хабарлады. Дегенмен ел аумағындағы ахуал біркелкі емес. Солтүстік пен орталықтың бірқатар өңірінде ылғалдану көрсеткіші қалыпты деңгейге жақын болса, батыс және оңтүстік облыстардың кей аудандарында орташа құрғақшылық болжанып отыр.

Батыс Қазақстан облысында Бөкейорда және Жәнібек аудандары, Ақтөбе облысында Шалқар мен Ырғыз аудандары тәуекел аймағына кірген. Атырау облысының Құрманғазы ауданында да орташа құрғақшылық күтіледі. Алматы облысында Балқаш ауданына қатысты осындай болжам жасалған.

ҚУАҢШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚАНДАЙ ҚОРҒАН БАР?



Елшір ҚАБА (қолжаз)

Қуаңшылық қаупі Жамбыл облысының Мойынқұм, Қордай, Сарысу, Талас және Жамбыл аудандарында сақталмақ. Түркістан облысында тәуекелге ұшыраған аумақтар саны одан да көп: Арыс, Созақ, Қазығұрт, Ордабасы, Шардара, Жетісай, Байдібек және Келес аудандарында орташа құрғақшылық болжанды. Қызылорда облысында Қазалы, Қармақшы, Шиелі аудандары мен облыс орталығының маңында да ылғал тапшылығы сезілуі мүмкін.

Сонымен бірге болжамның барлық Сөңір үшін бірдей алаңдатарлық емес екенін ескерген жөн. Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданында ылғал молырақ болады деп күтілсе, Қостанай облысының басым бөлігінде жағдай нормаға жақын. Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Ұлытау, Шығыс Қазақстан, Абай, Маңғыстау және Жетісу облыстарында да ылғалдану көрсеткіштері негізінен қалыпты деңгейде болжанған.

Осы мәліметтерге қарағанда, Қазақстанды тұтас қамтыған құрғақшылық туралы айтуға негіз жоқ. Бірақ жекелеген аудандардағы жағдайдың өзі фермерлер үшін елеулі мәселе туғызуы мүмкін. Бір облыстың ішінде жауын-шашын мөлшері мен топырақтағы ылғал қоры ауданнан ауданға өзгеріп отырады. Сондықтан республикалық орташа көрсеткіш нақты



Солтүстік пен орталықтың бірқатар өңірінде ылғалдану көрсеткіші қалыпты деңгейге жақын болса, батыс және оңтүстік облыстардың кей аудандарында орташа құрғақшылық болжанып отыр.

шаруашылықтың шығынын көрсете алмайды.

Азат Сұлтановтың сөзінше, құрғақшылықтан келген залал бірден мемлекеттік өтемақы төлеуге негіз болмайды. Оның көлемі алдымен ресми түрде тіркелуге тиіс.

«Заң бойынша, егін жинау жұмыстары кезінде шаруалардың алқаптарында құрғақшылық салдарынан зиян келсе, ең алдымен бұл зиян тіркелуі керек. Ол үшін әкімдік қызметкерлері шақырылып, арнайы акт жасалады. Осы актінің негізінде әкімдікке тиісті мәлімет ұсынылады және соған байланысты қажетті қолдау шаралары қарастырылады», — деді Азат Сұлтанов.

Яғни шаруаның егінінде шығын барын ауызша хабарлау жеткіліксіз. Ол жергілікті әкімдікке жүгініп, комиссияның алқапты тексеруіне жағдай жасауы қажет. Құжатталған

акт кейін қандай көмек көрсетілетінін шешуге негіз болады. Бұл рәсім мемлекеттік қаражаттың дәлелденген залалға ғана бөлінуін қамтамасыз етуге тиіс. Алайда оның екінші жағы да бар: құжаттарды уақытында рәсімдемеген немесе тиісті тәртіпті білмеген фермер қолдаудан тыс қалуы ықтимал.

Министрліктің әзірге арыз түспеді деген мәліметін де осы тұрғыдан қарастырған жөн. Егін орағы аяқталмайынша, шаруалардың көбі күтілетін өнімді нақты көлеммен салыстыра алмайды. Өсімдік сырт көзге күйіп кеткендей көрінгенімен, комбайн алқапқа кірген соң ғана гектарынан қанша өнім алынатыны белгілі болады. Сондықтан шағымдар мен залал туралы актілердің негізгі бөлігі науданның соңына қарай пайда болуы мүмкін.

лығы, мал шаруашылығы, өнімді қайта өңдеу немесе жаңа технологияларды енгізу болсын, даму мүмкіндігі мол, — деді ол.

Фестивальға деген қызығушылық жыл сайын артып келеді екен. Әсіресе, жастар арасында аграрлық саланың тартымдылығы артқан.

— Біз ауыл шаруашылығының тек ауыр еңбек ғана емес, сонымен бірге заманауи, технологиялық және болашағы зор сала екенін көрсеткіміз келеді. Бұл салаға мамандар, инженерлер, агрономдар, техника операторлары және елдің дамуына үлес қосуға дайын азаматтар қажет, — деді Армат Бисенов.

Фестивальдың басты тақырыбының бірі — цифрлық технологияларды енгізу. Бүгінде дәлме-дәл егіншілік, өндірісті

Сактандыру шарты бар шаруалар үшін бөлек тетік қарастырылған. Бірақ мұнда да төлем автоматты түрде берілмейді.

«Егер шаруаның қолында сактандыру полисі болса, осы актімен сактандыру компаниясына жүгінеді. Шарт талаптарына сәйкес сактандыру компаниясы тиісті төлемдерді жүзеге асырады. Қазіргі уақытта бізге бұл мәселеге қатысты ешқандай ақпарат түскен жоқ», — деді вице-министр.

БҮГІНГІ ЭКСПОРТ – КЕШЕГІ ӨНІМНІҢ НӘТИЖЕСІ

Егін алқаптарындағы алаңдаушылыққа қарамастан, Қазақстанның астық экспорты әзірге жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне сәйкес, 2024-2025 маркетингтік жылында астық пен ұнның астық баламасындағы жалпы экспорты 15,3 миллион тоннаға жеткен. Бұл — сала үшін рекордтық көрсеткіш.

2025 жылғы қыркүйектен 2026 жылғы 30 шілдеге дейін сыртқы нарықтарға 13,9 миллион тонна астық пен ұн жөнелтілді. Былтырғы жылдың дәл осы кезеңінде көрсеткіш 12,4 миллион тонна болған. Демек, экспорт бір жылда 12,6 пайызға өскен.

Жеткізілім географиясы да кеңейіп келеді. Қазақстандық өнім Марокко, Алжир, Біріккен Араб Әмірліктері, Вьетнам және бірнеше Еуропа еліне шығарыла бастады. Әзербайжан, Грузия және Түркия бағытындағы сауда қайта жанданды. Орталық Азия елдері мен Ауғанстан бұрынғысынша негізгі нарықтардың қатарында қалып отыр.

23 шілдедегі мәлімет бойынша, Өзбекстанға астық жеткізу 37 пайызға өсіп, 5,6 миллион тоннаға жеткен. Қырғызстанға экспорт 1,4 есе ұлғайып, 504 мың тоннаы құрады. Ауғанстанға жөнелтілім 59 пайызға артып, 2,2 миллион тоннаға дейін көбейді. Түрікменстан бағытындағы көлем 34 пайыздық өсім көрсетіп, 210 мың тонна болды.

Қазақстанның экспорттағы қазіргі нәтижесіне 2025 жылғы мол өнім негіз болды. Сол жылы елде 27 миллион тонна астық жиналып, орташа түсім гектарына 17 центнерді құрады. Жоғары өнім ішкі қажеттілікті өтеп қана қоймай, сыртқы нарыққа ірі көлемде астық шығаруға мүмкіндік берді.

Бірақ бүгінгі экспорттық көрсеткішті биылғы егіннің жағдайымен шатастыруға болмайды. Қазір шетелге жөнелтіліп жатқан өнімнің едәуір бөлігі өткен маусымда жиналған астық. Ал 2026 жылғы өнімнің көлемі мен сапасы күзгі орақ толық аяқталған соң белгілі болады. Құрғақшылық болжанған аудандарда өнімділік төмендесе, оның әсері дәл қазір емес, келесі маркетингтік кезеңде сезілуі ықтимал.

Батыс Қазақстан облысындағы Сұлукөл ауылында екі күн бойы еліміздің түкпір-түкпірінен келген аграрлық сала өкілдері бас қосты. Фермерлер, ғалымдар, кәсіпкерлер мен сарапшылар «Жер ырысы – 2026» халықаралық агрофестиваліне қатысты. Бесінші рет ұйымдастырылған форум ауыл шаруашылығы еңбегін дәріптейтін мерекемен ғана шектелмей, еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің даму бағыты айқындалатын маңызды алаңдардың біріне айналып отыр.



ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ШЫРАЙЫН КЕЛТІРЕДІ

малдарды кенінен насихаттап, олардың әлеуетін толық ашу, — деді өңір әкімі.

Қазір облыс ауыл шаруашылығын дамыту бойынша көптеген бағыттарда көшбасшы өңірлердің қатарында. Жүйелі мемлекеттік қолдау мен заманауи технологияларды енгізудің арқасында өңір тұрақты нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 676 мың гектар алқапқа егілген. Оның ішінде 52 мың гектардан астам күздік дақыл жиналып, орташа гектар өнімділігі 32,4 центнерді құрап, 170 мың тонна астық бастырылды. Ал жекелеген шаруашылықтар бұдан да жоғары көрсеткішке қол жеткізуде. Мәселен, «АгроСервис-Батыс» ЖШС-да күздік бидайдың өнімділігі гектарына 50-70 центнерге дейін жеткен. Саланы дамытуда мемлекеттік қолдау ерекше рөл атқарады. Кейінгі үш жылда өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін қолдауға 190 миллиард теңгеден астам қаржы бағытталды.

— Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға 22,9 миллиард теңге қарастырылды. Қазір 15,3 миллиард теңге көлемінде жылдық 5 пайыздық жеңілдетілген несиелер берілді. Сонымен қатар аграршылар тыңайтқыштар сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын алуға және маусымдық жұмыстарды

жүргізуге мемлекет тарапынан қолдау алып отыр, — деді облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Биыл фестиваль бағдарламасы бұрынғыдан да ауқымды болды. Дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығы техникасы мен аграрлық ғылым жетістіктерін таныстырумен қатар, қатысушылар өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, селекция, ветеринария және өсімдіктерді қорғау салаларындағы заманауи шешімдермен танысты. Қонақтар үшін көрмелер, ғылыми алаңдар, этноауыл, кәсіби байқаулар, балалар аймақтары және түрлі тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Агрофестивальдың басты ерекшелігі — оның тәжірибелік бағытта өтуінде. Өйткені мұнда тәжірибе алмасуға, әріптестер табуға және шаруашылықтарда тікелей қолдануға болатын нақты шешімдерді талқылауға болады. Фестиваль ұйымдастырушысы Армат Бисеновтің айтуынша, шараның басты мақсаты — қазіргі ауыл шаруашылығының қаншалықты заманауи әрі болашағы зор салаға айналғанын көрсету.

— Кейінгі үш жылда еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін қаржыландыру көлемі 140 миллиард теңгеден 1,2 триллион теңгеге дейін өсті. Бұл — бизнес үшін өте маңызды белгі. Бүгінде өсімдік шаруашы-

автоматтандыру және деректерді талдау жүйелерісіз заманауи ауыл шаруашылығын елестету мүмкін емес. Көрме барысында «Орал Агро» компаниясы егістік алқаптарын тиімді әрі үнемді өңдеуге мүмкіндік беретін DJI Agriculture агродрондарын таныстырды. Компанияның сервистік инженері Думан Қабуевтың айтуынша, ұшқышсыз технологиялар шығындарды азайтып, ауыл шаруашылығы жұмыстарының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

— Агродрондар өсімдіктерді дәлме-дәл өңдеуге, егістік алқаптарының жай-күйін талдауға және проблемалы учаскелерді анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, мультиспектралды технологиялардың көмегімен өсімдіктердің зақымданған аймақтарын анықтап, дер кезінде тиісті шаралар қабылдауға болады, — деді маман.

Оның айтуынша, фермерлердің мұндай шешімдерге деген қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Өйткені цифрландыру ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырудың негізгі факторларының біріне айналып отыр.

Фестивальда өз әзірлемелерін басқа да кәсіпорындар таныстырды. Metal Tor компаниясы мал шаруашылығы кешендеріне арналған заманауи шешімдерін ұсыныса, West Agro Food ЖШС Теректі ауданындағы суармалы жерлерде өсірілген

өз өнімдері — картопты көпшілік назарына шығарды. Компанияның атқарушы директоры Азамат Елекбаевтың айтуынша, кәсіпорын алдағы уақытта өндіріс көлемін одан әрі ұлғайтуды жоспарлап отыр.

— Бүгінде бізде шамамен 370 гектар суармалы жер бар, оның 237 гектарына картоп егілген. Алдағы уақытта өнімді сақтау және қайта өңдеу бағыттарын дамытуды көздеп отырмыз, — деді фермер.

Фестиваль барысында мал шаруашылығын дамыту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның ет өндірісін ұлғайтып, жаңа нарықтарға шығуға әлеуеті өте жоғары. Тіпті Қазақстан мал шаруашылығы қауымдастығы басқармасының төрағасы Жәнібек Кенжебаев бүгінде бұл саланың жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын атап өтті.

— Еліміздегі мал шаруашылығының әлеуеті өте зор. Саланы 2030 жылға дейін дамыту жөніндегі кешенді жоспар қабылданғаннан кейін фермерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Ең бастысы, кәсіпкерлер қолжетімді мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдаланып, өндірісті дамытуға белсенді кірісуі қажет, — деді ол.

Екі күнге созылған «Жер ырысы — 2026» агрофестивалі сала мамандарының бас қосатын алаң ғана емес, облыс тұрғындары үшін де үлкен мерекеге айналды. Ұйымдастырушылар мәдени-танымдық бағдарламалар, спорттық жарыстар, түрлі байқаулар, көрсетілмдер және ұлттық ойындар ұйымдастырды. Дегенмен фестивальдың басты құндылығы оның ауқымында емес. Оның негізгі маңызы — тәжірибе мен тың идеяларды, дәстүр мен заманауи технологияларды тоғыстыратын тұрақты диалогты қалыптастыруында.

Бүгінде фестиваль аграрлық саланың аға буыны мен жас ұрпағын байланыстыратын өзіндік көпірге айналды, қазақстандық ауылдың жаңа келбетін қалыптастыруда. Бұл — заманауи, технологиялық тұрғыдан дамыған әрі жанашылдыққа ашық ауылдың бейнесі. Осындай алаңдар отандық ауыл шаруашылығының әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беріп, еліміздің болашағы жер мәуесіне қараған жандардың еңбегімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

БАЛА АҚЫСЫ – ҚОҒАМНЫҢ АРЫ

Ажырасқан қос жар арасындағы дау-жанжал көбіне ересектердің жеке тағдыры сияқты көрінеді. Алайда оның ең ауыр зардабын екі ортада қалған бейкүнә бала тартады. Әрбір төленбеген алимент – жай ғана қаржылық қарыз емес, баланың ертеңіне жетпеген қамқорлық, орындалмаған ата-ана парызы. Сондықтан мемлекеттік органдарға, соттарға түсетін арыз-шағымдардың қомақты бөлігін алимент дауларының құрауы кездейсоқ емес. Кейбір іс жылдарға созылып, шешімін таппай жатады. Ал бұл түйткілді тарқатудың түпкі мәні – ел ертеңі саналатын жас ұрпақтың құқығын қорғау, әділетті елдің ұстынын нығайту.

Айхан ШӘРІП

ЖОҒАЛҒАН КӨЛІК ІЗІ

Алимент өндіру саласында қордаланған, жүйелі түйткілдердің артында нақты адамдардың тағдыры тұр. Солардың бірі – көпбалалы ана Г.-ның оқиғасы. Ол жеке сот орындаушылары Н. мен Е.-нің әрекетіне байланысты көптен бері сергелденге түскенін хабарлады. Айтуынша, Алматы облысының жеке сот орындаушысы Е.-нің қаулысына сәйкес, борышкер Ж.-ға тиесілі Toyota Land Cruiser Prado маркалы автокөлігі тәркіленген және өндіріп алушыға берілуге тиіс болған. Бірақ қаулы шыққанымен, көлік сол бойы жалғызбасты ананың қолына тимеген. Құжат жүзінде тапсырылған дүние жолай ғайып болған.

«Сол автокөлікті өз атыма рәсімдей алмай әуремін. Жеке сот орындаушысы Е. атқарушылық құжатты толық орындау үшін қажетті шараларды қабылдамайды. Айтатын сылтауы: бұл жағдайды түзетуге құзыры жоқ. Екінші ЖСО Н. атқарушылық іс жүргізу барысында көлікті алып кетіпті. Бірақ оны үшінші тұлғаның жауапты сактауына қолжат арқылы тапсырған. Оны неге бөтен біреуге береді? Заң оған тыйым салмайды екен», — дейді Г.

Енді екі сот орындаушысы да автокөліктің нақты қайда тұрғанын білмейтінін айтып, қол жаяды. Өзгені мүлкінен айырып, жауапкершіліктен жалтарып жүр.

«Бұған дейін сот орындаушысы менен өз ақысына 50 мың теңге талап етіп, онысын алып алды. Өз міндетін орындауға асығар емес», — дейді көпбалалы ана. Ол жол талғамайтын көлікті жалға беріп, табыс табуды ойластырыпты. Үлкен баласы онымен таксилетіп, өз ісін ашқысы келген екен. ЖСО-лардың «тылсым» тірлігі бұған тосқауыл болып тұр.

Аталған жағдайға байланысты Әділет министрлігі азаматтың өтініші негізінде жеке сот орындаушыларының қызметіне жоспардан тыс тексеру жүргізілуі мүмкін екенін хабарлады. Алайда мұндай тексерулерін басталуы үшін жәбірленуші тарап арнайы шағым түсіруге міндетті. «Мұндай ақпаратты газет, әлеуметтік желі немесе басқа ашық ақпараттық жүйелер арқылы беру мүмкін емес. Сондықтан азаматқа аумақтық әділет органына немесе Әділет министрлігіне қағаз немесе электронды түрде шағым жолдауға кенес береміз. Мұны «Электронды Үкімет» порталы немесе eOtinish платформасы арқылы жүзеге асыруға болады», — деп қысқа қайырды ведомство мамандары.

ЗАНДАҒЫ ЖАҢА КЕПІЛ

Алимент төңірегіндегі қордаланған мәселелер мемлекет назарынан тыс қалмапты. Осы орайда Мемлекет басшысы 2026 жылғы 24 маусымда «Кейбір заңнамалық актілерге атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Құжат 25 тамызда қолданысқа енгізіледі. Жаңа заңға сәйкес, өндіріп алынған бұл қаражат енді

арнайы алименттік банктік шотқа ғана аударылады. Ол үшін өндіріп алушы — балалармен жалғыз қалған ана немесе әке сот орындаушысына дәл осы мақсатқа арналған банктік шоттың деректемелерін ұсынуға міндетті. Оны ашпаса, алимент басқа шоттарына түспейді.

Зандағы маңызды бір жаңалық: арнайы шотқа тыйым салуға, тұтқындауға, оған өзге де өндіріп алу шараларын қолдануға жол берілмейді. Осы арқылы балаларды, еңбекке қабілетсіз адамдарды асырауға арналған қаражаттың сақталуына қосымша кепілдік берілмек. Бұған дейін алимент өзге банктік шоттарға түсіп, кейін түрлі атқарушылық өндірістің нысанына айналған, мысалы, кредит пен микроағемдар қарызына алынған жағдайлар кездесіпті.

Дегенмен қоғамда бұл өзгерістердің жеткіліктілігіне күмән бар. Бұрынғы сенатор, қоғам қайраткері Нұрия Ниязованың пікірінше, мәселенің түп-төркіні алимент ақшасын бұғат қоюдан құтқаруда ғана емес. Негізгі қауіп — өндірілген қаражаттың жолай ЖСО қолында қалып қоюы немесе мақсатсыз пайдаланылуы.

Ол тағы бір маңызды мәселеге назар аударады: мемлекет алимент қаражатының жалғызбасты әке не ананың жеке қажетіне емес, шын мәнінде баланың игілігіне жұмсалуын бақылау тетіктерін де қарастырғаны жөн. Өйткені балаға арналған қаржы iPhone алуға, ойын-сауыққа, мейрамхана мен көңіл көтеру орындарындағы шығындарға немесе өзге де жеке тұтынысқа жұмсалмай, ең алдымен оның тәрбиесі мен күтіміне, білімі мен денсаулығына қызмет етуге тиіс.

«Жаңа заңда алимент қаражатын арнайы қорғалған банктік шотқа міндетті түрде аудару қарастырылған. Алайда бұл өзгеріс тек ақшаны бұғаттан қорғаумен шектелмеуі керек. Ең маңыздысы — алименттің көмелетке толмаған баланың қажетіне ғана жұмсалуды қамтамасыз ету. Осыған байланысты алимент қаражатын қолма-қол шешіп алуға шектеу енгізу керек. Сондай-ақ бұл шот арқылы алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын сатып алуға, құмар ойындарға қатысуға немесе бала тәрбиесі мен күтіміне қатысы жоқ өзге де шығындарды төлеуге жол бермеу қажет. Балалардың құқығы мен мүддесін қорғау үшін алимент қаражатының мақсатты жұмсалуды қалағалытын тиімді бақылау тетіктері енгізілгені жөн», — дейді сарапшы.

Әділет вице-министрі Д.Вайсов балаларға арналған бұл төлемді жол-жөнекей талан-тараж болудан қорғау тетіктері қарастырылып жатқанын жеткізді.

«Бұл норма тек алимент төлемдерін түрлі бұғаттаулар мен өндіріп алулардан қорғауға бағытталғанын атап өткім келеді. Шағымдарды қарау нәтижелеріне сүйенген тәжірибеміз көрсеткендей, ЖСО көбіне бұл қаражаттың алимент төлемдері екенін ажырата бермейді. Өйткені бұған дейін алимент алушылар сот орындаушысына өздерінің жалпы банктік шоттарын ұсынып келді. Соның салдарынан бұл шоттарға тыйым салынған жағдайлар болды. Жаңа



Елнар КАБА (coltasy)

заңдағы норма аталған мәселені 100 пайыз шешуге мүмкіндік береді. Енді арнайы алименттік шот енгізілгеннен кейін мұндай қаражат өзге өндіріп алу шараларынан толық қорғалмақ», — деп түсіндірді Даниел Мерейұлы.

Сонымен бірге ол алимент қаражатын қалай және қандай мақсаттарға жұмсау мәселесі әлі де жан-жақты талқыланатынын жеткізді. Себебі баланың мұқтажлығына арналған шығын мен оған қатысы жоқ төлемдердің ара-жігін ажырату оңай емес екен. Бұл — құқықтық тұрғыдан мұқият зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе. Демек, бұл бағыттағы қосымша тетіктерді әзірлеу жаңа Парламенттің — Құрылтайдың назарында болуы қажет.

Қалай болғанда, елдегі алимент міндеттемелерін орындау саласында қалыптасқан ахуал жүйелі проблемалардың барын көрсетеді. Әділет министрлігінің деректері бойынша, берешек көлемі қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеді. Және бұл — тек төленбегеніне үш айдан асып кеткен ескі қарыздар ғана. Қазакстанда 300 мыңнан астам бала сондай қолдауға мұқтаж: арасында мүгедектігі бар балалар аз емес, тіпті бірнеше мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар да жетерлік.

Мұның сыртында сарапшылар ЖСО-лардың өз өкілеттігін теріс пайдаланатынын атап өтеді: өндіріліп алынған ақшаны алушыларға дер кезінде аудармай, өзі жұмсап жібереді немесе ұзақ депозитке орналастырады. Бұрынғы заңнамада ЖСО шотына түскен алимент сомаларын аударуын нақты тәртібі де, қатан мерзімдері де қарастырылмаған. Сот орындаушылары осы заңнамалық олқылықты теріс пайдаланады. Мұны Бас прокуратураның тексерістері де әшкереледі. Сондықтан жаңа заңда Әділет министрлігіне тиісті мерзімдерді белгілеу құзыреті беріліп отыр.

«Біз бұл мәселеге кешенді түрде келдік. Біріншіден, азаматтарға ЖСО әрекеттерін толық бақылауына мүмкіндік беретін «Әділет» қосымшасын әзірледік. Екіншіден, ЖСО шотына ақшаның түскені туралы push-хабарлама алимент төлеушіге де, оны алушыға да келеді. Ақшаны нақты қандай мерзімде аударуға тиіс екенін белгілейтін бұйрық шығардық. Үшіншіден, банктермен және «Қазпоштамен» интеграция жасадық. Енді біз де екі тараптың шоттарын көретін боламыз. ЖСО-лардың алимент төлемін өз шотында ұстап қалуына ешқандай мүмкіндігі қалмайды», — деп хабарлады Әділет вице-министрі.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БӘРІНЕН БІІК

Алимент өндірісіндегі тағы бір өзекті мәселе — борышкердің табысын жасыруы. Бұл түйткіл де жылдар

САПАЛЫ БІЛІМ – ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ӨРІСІ

Шымкент қаласында білім беру саласын дамыту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік қолдау көрсету және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қаланың білім беру жүйесінде жаңа оқу жылына дайындықпен қатар әрбір баланың сапалы білім алуына, жан-жақты дамуына және өз құқықтарының қорғалуына мүмкіндік беретін кешенді шаралар жүзеге асырылып келеді.

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

2025–2026 оқу жылында Шымкент қаласындағы 1 388 білім беру ұйымында 405 мыңнан астам бала білім алды. Оның ішінде 658 мектепке дейінгі ұйым мен 291 жалпы орта білім беру мекемесі жұмыс істеді. Бұл көрсеткіш қаланың білім беру жүйесіне түсетін жүктеменің ауқымын аңғарталы. Бұл туралы Шымкент қаласы Білім басқармасының басшысы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында атап өтті.

Өткен оқу жылында қала мектептерінде 277 мыңнан астам оқушы білім алды. Олардың қатарында 16 003 түлек мектеп бітіру туралы куәлігін алса, 24 178 оқушы 9-сыныпты аяқтады. Білім алушылардың оқу жетістіктері де жылдан-жылға жақсарып келеді. Биыл 766 түлек «Алтын белгі» төсбелгісіне ие болса, 1 196 оқушы мектептің үздік аттестатпен тәмамдады. Ал 9-сыныпты аяқтаған 1 608 оқушы үздік куәлік алды.

Шымкенттік оқушылардың республикалық және халықаралық деңгейдегі білім додаларында қол жеткізген жетістіктері де қаланың білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бір көрсеткіші. 80-нен астам түлек әлемнің жетекші жоғары оқу орындарынан шақырту алып, халықаралық білім гранттарын жеңіп алды. Қала оқушылары ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларда жүлделі орындардан көрінді.

Соның бірі — М.Х.Дулати атындағы №8 мамандандырылған гимназияның оқушысы Керімбай Саян. Ол халықаралық «Regeneon ISEF-2026» ғылыми-техникалық байқауының финалдық кезеңіне жолдама алып, Шымкент оқушыларының халықаралық аренадағы білім-бәсекесіне қабілетті екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бұл ретте білім сапасын арттыру тек оқушы жетістігімен ғана өлшенбейтіні анық. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен ізденісі де маңызды рөл атқарады. Осы мақсатта жүзеге асырылған «Сапалы білім» жобасы аясында 13 мыңнан астам педагогтің қатысуымен «Білім беру шебері» байқауы ұйымдастырылды. Байқау қорытындысында үздік деп танылған 10 педагогке бір жыл бойы ай сайын 200 мың теңгеге дейін қосымша сыйақы тағайындалды.

ӘРБІР БАЛА ҚАМҚОРЛЫҚТА БОЛУҒА ТИІС

Баланың қауіпсіздігі, оның білім алуға, денсаулығын сақтауға, қолайлы ортада тәрбиеленуге деген құқығын қамтамасыз ету — қаланың әлеуметтік саясатының маңызды бағытының бірі. Бұл бағыттағы жұмыстар білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік шараларымен ғана шектелмейді. Әлеуметтік осал санаттағы балаларды қолдау, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға жағдай жасау, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және олардың құқықтарының сақталуын бақылау бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Қазір ерекше білім беру қажеттілігі бар 12 857 бала арнайы ұйымдарда және жалпы білім беру мекемелерінде тиісті қолдауға ие. Инклюзивті білім беруді дамыту арқылы әрбір баланың қабілеті мен мүмкіндігіне қарай білім алуына жағдай жасалуда. Балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға да басымдық берілген. Бүгінде 112 мыңнан астам оқушы қосымша білім беру үйірмелерімен қамтылған. Жазғы демалыс кезінде Кітар Camp, PROF START және EduCampShyn жобалары ұйымдастырылып, оларға 224 мыңнан астам оқушы қатысты.

Әсіресе, әлеуметтік осал санаттағы балалардың жазғы демалысын тиімді



ұйымдастыруға айрықша назар аударылуда. Биыл алғаш рет QOSYMSHA ақпараттық жүйесі енгізіліп, балаларға арналған сауықтыру демалысына жолдамаларды бөлу процесі цифрландырылды. Бұл шешім ашықтықты қамтамасыз етіп қана қоймай, балаларды әлеуметтік мәртебесіне қарай қолдаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету — білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Осы бағытта Шымкентте цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері кеңінен қолданылуда. AIQYN жобасы аясында енгізілген биометриялық бақылау жүйесі қауіпсіздікті күшейтіп қана қоймай, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ал бейнеаналитика құралдары арқылы мектептердегі қауіпсіздік жағдайы мен оқу процесіне тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Сонымен бірге Қағұлп бірінші цифрлық платформасы арқылы білім беру жүйесінің 12 негізгі бағыты толық цифрландырылды. Оның ішінде мектеп қауіпсіздігі, биометриялық бақылау, тамақтануды ұйымдастыру, сабақ сапасын бақылау, бухгалтерлік есеп, еңбекке төлеу, мемлекеттік қызметтер, мемлекеттік білім беру тапсырысы және балалар контингентін басқару процестері бар. Цифрлық жүйе арқылы жүргізілген талдау нәтижесінде қаржыландыруға, оқу жүктемесіне және балалар контингентіне қатысты бірқатар сәйкессіздік анықталып, оларды реттеу бойынша тиісті шаралар қабылданды.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Шымкентте 2026–2027 оқу жылына дайындық жұмыстары да жоспарлы түрде жүргізілуде. Қала мектептерінде бірінші сыныпқа құжат қабылдау 18 маусымнан 31 тамызға дейін жалғасалды. Қазірдің өзінде 16 мыңнан астам бала бірінші сыныпқа қабылданған. Мектепалды даярлық тобын өз мектебінде аяқтаған балалардың бірінші сыныпқа автоматты түрде қабылдануы ата-аналар үшін де, білім беру ұйымдары үшін де қолайлы жағдай қалыптастырып отыр.

Жаңа оқу жылына дайындық барысында білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жанарту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Биыл жеті білім беру нысанында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар алдағы жылы тағы сегіз мектеп пен Сайрам көмекші мектеп-интернат-колледжінде жөндеу жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттар әзірленіп жатыр. Өткен оқу жылында екі жаңа мектеп пайдалануға беріліп, бірқатар білім беру ұйымдарында қосымша оқу корпустарының құрылысы аяқталды. Қазіргі уақытта тағы бес мектептің қосымша ғимараттарының құрылысы жүргізілуде.

Баланың сапалы білім алуы мектеп табылдырығын аттаған сәттен емес, мектепке дейінгі кезеңнен басталады. Сондықтан Шымкентте мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытуға да ерекше назар

аударылып отыр. Мемлекеттік тапсырыс аясында қаладағы 76 мыңнан астам бала мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған. Ваучерлік қаржыландыру жүйесі енгізілгені бері 99 мыңнан астам ваучер берілді. Қазір 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткіші 84,5 пайызға жетті.

Биыл мемлекеттік тапсырыс есебінен жекеменшік балабақшаларда 3 500 жаңа орын ашу жоспарланып, оның 2 114 орны пайдалануға берілді. Сонымен бірге мектепке дейінгі ұйымдардағы қызмет сапасы мен заң талаптарының сақталуына бақылау күшейтілген. Мемлекеттік тапсырыстың орындалуына жүргізілген мониторинг барысында талаптарға сәйкес келмеген тоғыз балабақша мемлекеттік тапсырыстан шеттетілді.

Шымкентте техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамытуға да басымдық беріліп келеді. Қаладағы 37 колледжде 49 мыңнан астам студент білім алууда. Оның ішінде 10 мыңнан астам студент дуальды оқыту жүйесі арқылы тәжірибелік даярлықтан өтуде. Жаңа оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 6 мың грант бөлініп, құжат қабылдау науқаны басталды.

Шымкенттегі білім беру саласындағы өзгерістердің барлығы бір мақсатқа — баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Өйткені бала құқығын қорғау тек белгілі бір мекеменің немесе мамандардың ғана міндеті емес. Бұл — отбасы, мектеп, қоғам және мемлекет бірлесе атқаратын ортақ жауапкершілік.

Шаһарда қолға алынған кешенді шаралар білім сапасын арттырумен қатар, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, олардың қауіпсіз ортада білім алып, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін еркін дамытуына мүмкіндік береді.

Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының қарқынды жүргізілуі де осы мақсаттың айғағы. Жаңа мектептер мен қосымша оқу корпустарының бой көтеруі, білім беру ұйымдарының жөндеуден өтуі, әлеуметтік қолдау көлемінің артуы, мектепке қабылдау процесінің жүйеленуі және цифрлық технологиялардың кеңінен енгізілуі — мегаполистегі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетеді.

МІНБЕР

6 ТАМЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Осыдан бірнеше жыл бұрын «қайтарылған активтер» деген ұғым көбіне сот процестерімен, тергеу жұмыстары және қоғамда қызу талқыланған істермен байланысты қабылданатын. Бүгінде бұл ұғымның мәні әлдеқайда кеңейді. Мемлекетке қайтарылған активтер енді жаңа мектептердің, ауруханалардың, ауызсу нысандарының, спорт кешендерінің және басқа да әлеуметтік инфрақұрылымның құрылысына қызмет етіп, халық игілігіне жұмсалуда.

Үкіметтің мәліметіне қарағанда, бүгінгі күні Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты есебінен ел бойынша 610 млрд теңгеге 500-ден астам әлеуметтік және инфрақұрылымдық жоба қаржыландырылды. Бұл – қайтарылған активтердің шын мәнінде елдің игілігіне жұмыс істеп жатқанын көрсететін нақты нәтиже.

Бұл жүйе қалай жұмыс істейді? Активтер мемлекетке қайтарылғаннан кейін олардың тағдыры қалай шешіледі? Неліктен «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС-ның қызметі тек аукцион өткізумен шектелмейді? Әрбір теңгенің халық игілігіне тиімді жұмсалыуы қалай қамтамасыз етіледі? Осы және өзге де сұрақтарды «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС-ның Бас директоры Куанышбек Жақсыбекұлы Мұқашқа қойып, сұхбат құрдық.

— Неліктен активтерді қайтару тек құқықтық процесс емес, әлеуметтік әділеттіліктің көрінісі деп айтуға болады? — Көпшілік активтерді қайтару дегенде сот процестерін, мемлекеттік органдардың шешімдерін немесе мүлікті сатуды ғана елестетеді. Шын мәнінде, бұл – ауқымды жұмыстың бір ғана кезеңі. Оның басты мақсаты — қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Мемлекет басшысы заңсыз шығарылған активтер халықтың игілігіне

Біз үшін ашықтық заң талабы ғана емес. Бұл – сенім мәселесі. Қоғам қайтарылған активтердің шынымен де мемлекет мүддесіне қызмет ететініне сенімді болуы үшін оларды өткізу үдерісі барынша ашық болуға тиіс. Сондықтан сауда-саттық е-Qazyna электрондық платформасында өткізіледі. Кез келген ниет білдіруші лот туралы ақпаратпен, оның бастапқы құнымен, қатысу шарттарымен және сауда-саттық нәтижелерімен алдын ала таныса алады.

қызмет етуі тиіс екенін бірнеше рет атап өтті. Осы ұстаным «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңның негізіне айналды. Заңның мақсаты — мүлікті мемлекетке қайтарумен ғана шектелмей, оны елдің игілігіне тиімді пайдалану. Біз үшін әрбір қайтарылған активтің қоғамға нақты пайда әкелуі маңызды. Ол есептегі жай ғана сан болып қалмауға тиіс. Ауыл тұрғындары таза ауызсумен қамтылып, балалар жаңа мектепте білім алып, халық заманауи медициналық көмекке қол жеткізгенде ғана адамдар бұл жұмыстың нақты нәтижесін көреді.

Сондықтан біз қайтарылған активтерді жай ғана мүлік деп қарамаймыз. Бұл — қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтатын әрі еліміздің болашағына салынған инвестиция.

— Бүгінде бұл жүйе қалай жұмыс істейді? Сот шешімінен бастап әлеуметтік нысандардың салынуына дейінгі тетік қалай жүзеге асады?

Куанышбек МҰҚАШ,
«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС-ның Бас директоры:

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР – ХАЛЫҚҚА ОРАЛҒАН НЕСІБЕ

— Көпшілік сот шешімі шыққаннан кейін жұмыс аяқталады деп ойлайды. Шын мәнінде, негізгі жұмыс дәл сол кезде басталады.

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін актив мемлекет меншігіне өтеді. Егер бұл ақшалай қаражат болса, ол тікелей Арнайы мемлекеттік қорға аударылады. Ал жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, кәсіпорындар, көлік құралдары және өзге де мүліктер біздің компанияның басқаруына беріледі.

Біздің міндетіміз — олардың сақталуын қамтамасыз ету, ең тиімді басқару тәсілін айқындап, одан әрі тиімді пайдалануды ұйымдастыру. Қазақстан аумағындағы барлық актив е-Qazyna электрондық сауда алаңы арқылы сатылады. Бұл сауда-саттықтың ашық әрі жария өтуіне, барлық қатысушыға тең мүмкіндік берілуіне жағдай жасайды.

Активтер сатылғаннан немесе оларды басқарудан түскен қаражат Арнаулы мемлекеттік қорға аударылады. Осылайша, нақты әрі ашық тетік қалыптасқан: қайтарылған актив — басқару — өткізу — Арнайы мемлекеттік қор — әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру.

Дәл осы жүйе қайтарылған активтердің нақты нәтижеге айналуына мүмкіндік береді. Оның игілігін бүгін халық жаңа мектептерден, ауруханалардан, ауызсу нысандарынан және басқа да әлеуметтік инфрақұрылымнан көріп отыр.

— Бүгінде халық «бұл жұмыстың нақты нәтижесін қайдан көруге болады?» деген сұрақты жиі қояды.

— Бұл, расында да, ең маңызды сұрақтардың бірі. Қазір оған нақты

пункттер, мектептер, жатақханалар мен спорт нысандары бой көтеруде.

Мұндай мысал өте көп. Бірақ ең бастысы — халық бұл жұмыстың нәтижесін өз көзімен көріп отыр. Жаңа мектептің немесе аурухананың ашылғанын көргенде, оның құрылысына мемлекетке қайтарылған активтердің де қаражаты жұмсалғанын көпшілік біле бермейді.

Міне, біздің жұмысымыздың басты мәні де осында. Біз тек активтерді басқарып немесе сауда ұйымдастырып қана қоймаймыз. Біз қайтарылған қаражаттың халыққа жаңа мүмкіндіктер, заманауи инфрақұрылым және өмір сапасының артуы түрінде қайта оралуына ықпал ететін тетікті жүзеге асырамыз.

— Көпшілік әлі күнге дейін компанияның қызметі тек мүлікті сатумен шектеледі деп ойлайды. Бұл қаншалықты дұрыс?

өте маңызды. Барлық қатысушыға тең жағдай жасалады, ал баға тек бәсекелі сауда-саттық барысында қалыптасадy.

Біз қатысушылар арасындағы бәсекенің барынша жоғары болуына мүдделіміз. Қатысушылар саны неғұрлым көп болса, активті өткізудің қорытынды құны соғұрлым жоғары болады. Бұл Арнайы мемлекеттік қорға көбірек қаражат түсіп, оның әлеуметтік маңызы бар нысандарды салуға бағытталатынын білдіреді.

— Сіз «әрбір теңге халықтың игілігі үшін жұмыс істеуге тиіс» деп жиі айтасыз. Бұл сөздің астарында не жатыр?

— Менің ойымша, дәл осы сөз біздің жұмысымыздың мәнін барынша толық көрсетеді. Біз қайтарылған активтерді жай ғана мүлік ретінде қарастырмаймыз. Біз оларды қоғам үшін қосымша күндылық қалыптастыру мүмкіндігі ретінде қабылдаймыз.

Бүгінде сандарды шынайы өмірден бөлек қарастыру қиын. Әрбір соманың артында жаңа мектептер, заманауи медициналық орталықтар, сумен жабдықтау нысандары мен спорт инфрақұрылымы тұр.

Активтерді тиімді басқарудың арқасында мемлекет көбірек кіріс алған

— Менінше, мұндай пікірдің қалыптасуына аукциондар мен сауда-саттықтардың жиі назарға ілігуі себеп болса керек. Алайда кеңірек қарасақ, активті сату — үлкен әрі күрделі жұмыстың бір ғана кезеңі.

Актив компанияның басқаруына өткен кезде біздің мақсатымыз оны мүмкіндігінше тез сату емес. Ең алдымен, сол активті пайдаланудың мемлекет үшін ең тиімді жолын анықтаймыз. Заңнамада бірнеше мүмкіндік қарастырылған: активті сату, жалға беру, сенімгерлік басқаруға беру немесе мемлекеттің мүддесіне сай басқа тәсілмен пайдалану.

Біз әрдайым бір ғана сұраққа жауап іздейміз: қай шешім мемлекетке көбірек пайда әкеледі?

Кей жағдайда активті сатқан тиімді, өйткені түскен қаражат әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға бірден бағытталады. Ал кейбір жағдайда кәсіпорын жұмысын жалғастырып, жұмыс орындарын сақтап, мемлекетке тұрақты табыс әкелгені әлдеқайда тиімді болады. Мұндай жағдайда активті тиімді басқару дұрыс шешім саналады.

Сондықтан біздің компанияның негізгі міндеті — қайтарылған активтерді кәсіби әрі тиімді басқару. Ал оларды сату — осы мақсатқа жетудің бір ғана тетігі.

кезде оның игілігін ең алдымен азаматтар көреді.

Сондықтан біз үшін мүлікті қайтару ғана маңызды емес. Оның елге барынша пайда әкелуін қамтамасыз ету маңызды. Әрбір қосымша теңге — өңірлерді дамытуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға арналған қосымша мүмкіндік.

Бұл саладағы заңнама біршама жаңа. Соңғы жылдары қандай өзгерістер болды?

— Ең маңызды өзгеріс — бүгінде Қазақстанда қайтарылған активтерді басқарудың тұтас жүйесі қалыптасты. Бұрын мұндай тетіктер іс жүзінде болмаған. Қазір заңнамада мүлікті мемлекетке қайтарудан бастап, оны одан әрі пайдалану және түскен қаражатты әлеуметтік жобаларды іске асыруға бағыттауға дейінгі барлық кезең айқындалған.

Активтерді басқару қағидалары да жетілдіріліп келеді. Оларда практикалық тәжірибе ескеріліп, рәсімдер неғұрлым түсінікті, тиімді және ашық бола түсуде.

Бұл — өте маңызды үдеріс, өйткені еліміз үшін жаңа сала туралы сөз болып отыр. Тәжірибе жинақталған сайын заңнама да жетілдіріле береді.

— Мемлекет басшысы «Заң мен тәртіп» қағидатына ерекше мән беріп



— Бүгінде қоғам ашықтық мәселелеріне ерекше назар аударып отыр. Сауда-саттықтың ашықтығын қалай қамтамасыз етесіздер?

— Біз үшін ашықтық заң талабы ғана емес. Бұл – сенім мәселесі.

Қоғам қайтарылған активтердің шынымен де мемлекет мүддесіне қызмет ететініне сенімді болуы үшін оларды өткізу үдерісін барынша ашық болуға тиіс. Сондықтан сауда-саттық е-Qazyna электрондық платформасында өткізіледі. Кез келген ниет білдіруші лот туралы ақпаратпен, оның бастапқы құнымен, қатысу шарттарымен және сауда-саттық нәтижелерімен алдын ала таныса алады.

Электрондық форматтың адами фактордың ықпалын болдырмайтыны

келеді. Бұл қағидат қайтарылған активтерді басқару және оларды сату жүйесінде қалай көрініс табады?

— «Заң мен тәртіп» қағидаты біздің жұмысымыздың негізі деуге болады. Өйткені қайтарылған әрбір актив заң талаптарына сәйкес, ашық әрі әділ басқарылуға тиіс.

Біріншіден, активтерді басқару мен сату нақты заңнамамен реттелген. Барлық рәсім Қазақстан Республикасының «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңы мен Қаржы министрлігі бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Екіншіден, активтерді сату толықтай ашық электрондық форматта е-Qazyna мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-

порталы арқылы өткізіледі. Бұл барлық қатысушыға тең мүмкіндік береді, адами факторды азайтады және сауда-саттықтың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, әрбір сатылған активтен түскен қаражат Арнайы мемлекеттік қорға аударылады. Кейін бұл қаражат Үкіметтің шешімімен мектептер, ауруханалар, ауызсу жүйелері және басқа да әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыруға бағытталады.

Яғни «Заң мен тәртіп» қағидаты тек заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтарумен шектелмейді. Ол қайтарылған мүліктің ашық, тиімді әрі қоғам игілігі үшін пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Бұл — заңның үстемдігі мен әлеуметтік әділеттіліктің нақты көрінісі.

— Сіздер үшін халықаралық тәжірибе қаншалықты маңызды?

— Әлемде тәркіленген және қайтарылған активтерді басқару мәселелерімен бұрыннан айналысып келеді. Сондықтан бәрін қайтадан ойлап табудың қажеті жоқ. Біз үшін үздік халықаралық тәжірибелерді пайдалану маңызды.

Осы мақсатта компания Дүниежүзілік банкпен, ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық орнатып, IPAF және BAFIN халықаралық желілерінің жұмысына қатысады.

ЕҚЫҰ мен BAFIN-нің қолдауымен компаниямызда өткізілген халықаралық алқалы шолу ерекше құнды болды. Халықаралық сарапшылар өз ұсынымдарын беріп қана қоймай, жұмысымыздың мықты тұстарын да атап өтті. Атап айтқанда, активтерді е-Qazyna электрондық платформасы арқылы өткізудің ашықтығы жоғары бағаланды.

Мұндай бағалар Қазақстанның дұрыс бағытта келе жатқанын және активтерді басқару саласындағы халықаралық кәсіби қоғамдастықтың біртіндеп бір бөлігіне айналып жатқанын растайды.

— Бүгінде компанияның алдында қандай міндеттер тұр?

— Қысқаша айтқанда, біздің басты міндетіміз — әрбір қайтарылған активтің мемлекетке барынша пайда әкелуін қамтамасыз ету.

Осы мақсатта біз активтерді басқару және өткізу рәсімдерін жетілдіруді, цифрлық шешімдерді енгізуді, халықаралық ынтымақтастықты дамытуды және мамандардың біліктілігін арттыруды жалғастырып келеміз.

Сонымен қатар бүгінде алдымызда тағы бір маңызды міндет тұр. Ол — қоғамның сенімін нығайту.

Азаматтар сот шешімінен кейін қайтарылған активтердің әрі қарай қалай пайдаланылатынын түсінуі тиіс. Бұл жабық үдеріс емес, түпкі мақсаты жаңа мектептер, ауруханалар, жолдар мен инженерлік инфрақұрылым салу болып табылатын түсінікті тетік екенін білуі қажет.

Біз осындай ашықтықты қызметіміздің негізгі басымдықтарының бірі деп санаймыз.

— Бұл жұмыс жеке өзіңіз үшін нені білдіреді?

— Басты сезім — жауапкершілік деп ойлаймын. Күнделікті құжаттармен, активтерді басқарумен және сандармен жұмыс істегенде әрбір шешімнің артында адамдар тұрғанын кейде ұмытып кетуің мүмкін. Алайда жаңа мектептің, заманауи медициналық орталықтың, спорт кешенінің немесе сумен жабдықтау нысанының ашылғанын көргенде атқарылып жатқан жұмыстың барлығы дәл осы мақсатқа бағытталғанын түсінесің. Менінше, біздің жұмысымыздың негізгі мәні де осында.

Қайтарылған активтер жай ғана мемлекеттік мүлік болып қалмауға тиіс. Олар елдің дамуына жол ашатын жаңа мүмкіндіктерге айналуы қажет.

Егер біздің жұмысымыздың арқасында ең болмаса бір бала жаңа мектепте білім алса, бір отбасы тұрғылықты жеріне жақын жерде сапалы медициналық көмекке қол жеткізсе немесе бір ауыл таза ауызсумен қамтамасыз етілсе, демек, біз өз міндетімізді орындадық.

Сондықтан мен әрдайым: «Қайтарылған активтер — өткеннің еншісі емес. Бұл — Қазақстанның болашағына және азаматтарымыздың әл-ауқатына салынған инвестиция», — деп айтамын.

Кез келген мемлекет қанша актив қайтарғанымен емес, сол активтердің адамдардың өмірін қалай өзгерткенімен бағаланады. Егер мемлекетке қайтарылған қаражат мектептерге, ауруханаларға, таза ауызсуға және азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктерге айналса, демек, бұл тетік шынымен де жұмыс істеп тұр. Біз өзіміздің басты миссиямызды дәл осыдан көреміз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ардақ СҰЛТАН

АЙМАҚ

ГРАНТҚА ӘРКІМНІҢ-АҚ
БАР ТАЛАСЫ...

Жыл сайын жаз мезгілі аяқтала бере еліміздегі мыңдаған талапкер үшін ең жауапты кезең басталады. Бұл – мамандық таңдап, болашақ өмірінің бағытын айқындайтын уақыт. Әсіресе, мемлекеттік грантқа түсу немесе жоғары оқу орнын дұрыс таңдау мәселесі әр отбасының күн тәртібіне шығады. Бүгінде мамандық таңдау еңбек нарығындағы сұранысқа сай келмесе, көп жасты сан соқтыруы мүмкін. Ал биылғы жағдай қалай өрбіп жатыр?



А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

САННАН БҰРЫН САПА ҚАЗЕТ

Бүгінде талапкерлер арасында «кай мамандыққа көп грант бөлінсе, сол мамандық сұранысқа ие» деген түсінік жиі кездеседі. Алайда бұл әрдайым шындыққа жанаса бермейді. Мемлекеттік тапсырыс – еңбек нарығының бүгінгі жағдайын ғана емес, бірнеше жылдан кейінгі қажеттілікті де ескеретін ұзақмерзімді жоспар. Сондықтан грант санының аз немесе көп болуы белгілі бір мамандықтың беделін айқындайтын басты өлшем емес. Мысалы, ақпараттық технологиялар бағыты бойынша жалпы грант саны азайғанымен, білім беру бағдарламалары ішінде ең көп грант дәл осы салаға бөлініп отыр. Бұл цифрлық экономиканың ел дамуындағы рөлінің әлі де жоғары екенін көрсетеді.

БИЫЛ ҚАНША ГРАНТ БӨЛІНДІ?

Мыңдаған талапкер үшін мемлекеттік білім беру гранты – арманға апарар жол. Бірі дәрігер болуды көздесе, енді бірі инженер немесе мұғалім мамандығына түсуді армандайды. Сондықтан Үкімет бекітетін мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі тек статистикалық көрсеткіш ғана емес, елдің болашақтағы экономикалық және әлеуметтік дамуының бағытын айқындайтын маңызды құжат саналады.

Биылғы оқу жылындағы гранттар тізіміне зер салсақ, мемлекет маман даярлау саясатында жана кезеңге қадам басқанын аңғаруға болады. Өйткені соңғы бірнеше жыл бойы өзгеріссіз сақталып келген мемлекеттік тапсырыс көлемі алғаш рет едәуір қысқарды. Мәселен, 2026-2027 оқу жылына жоғары оқу орындарына 89 457 мемлекеттік грант бөлінген. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 3 775 орынға аз. Егер кейінгі 2 жылда грант саны 93 мыңнан жоғары деңгейде сақталса, биылғы қысқарту мемлекеттің кадр даярлау жүйесіне жаңа көзқараспен қарай бастағанын аңғартады.

Ең алдымен бұл өзгеріс магистратураға әсер етті. Биыл магистратураға бөлінген грант саны 17 пайызға жуық қысқарған. Бакалавриаттағы төмендеу айтарлықтай үлкен болмаса да, мемлекеттік тапсырыс көлемінің азаюы білім саласындағы басымдықтардың қайта қаралып жатқанын көрсетеді. Соған қарамастан, бакалавриат бұрынғыдай мемлекеттік гранттардың негізгі үлесін иеленіп отыр. Бұл мемлекет үшін еңбек нарығын білікті мамандармен толықтыру әлі де басты міндеттердің бірі екенін білдіреді.

Грант санының азаюы барлық бағытқа бірдей әсер еткен жоқ. Керісінше, кей салаларда қысқарту жүргізілсе, кейбір маңызды бағыттар қосымша қолдауға ие болды. Ең көп қысқарту инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларында тіркелген. Бұл бағыттағы грант саны екі мыңнан астам орынға азайды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен педагогикалық ғылымдарда да мемлекеттік тапсырыс қысқарған. Бір қарағанда мемлекет аталған салаларға қызығушылығын төмендеткендей көрінуі мүмкін. Алайда олай емес. Инженерлік мамандықтар бұрынғыдай ең көп қаржыландырылатын бағыт болып қала береді. Ақпараттық технологиялар саласы да көшбасшылар қатарынан түскен жоқ. Яғни мәселе сұраныстың азаюында емес, кейінгі жылдары күрт ұлғайған грант көлемін белгілі бір деңгейде теңестіруде жатыр.

Биыл ауыл шаруашылығы және биоресурстар бағытына бөлінетін гранттардың артуы назар аудартпай қоймайды. Бұл өсім көлемі жағынан аса үлкен болмаса да, оның символдық мәні зор. Азық-түлік қауіпсіздігі, су ресурстары, аграрлық өндіріс мәселелері күн тәртібінен түспей тұрған шақта мемлекет бұл салаға жаңа серпін беруді көздеп отырғандай.

Гранттардың жекелеген мамандықтар бойынша бөлінуі еңбек нарығындағы өзгерістердің де айнасы іспетті. Биыл ең үлкен өсім механика мамандығында байқалды. Сонымен қатар аграрлық педагогика, жер туралы ғылымдар, агроинженерия, химиялық инженерия және су ресурстарын басқару бағыттарына бөлінетін гранттар көбейді. Бұл кездейсоқ шешім емес. Өнеркәсіпті жаңғырту, ауыл шаруашылығын дамыту, су тапшылығы мәселесін шешу, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар даярлау – бүгінде ел алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі. Сондықтан мемлекет дәл осы салалардағы кадрлық әлеуетті күшейтуге ден қойып отыр.

Биыл ауыл шаруашылығы және биоресурстар бағытына бөлінетін гранттардың артуы назар аудартпай қоймайды. Бұл өсім көлемі жағынан аса үлкен болмаса да, оның символдық мәні зор. Азық-түлік қауіпсіздігі, су ресурстары, аграрлық өндіріс мәселелері күн тәртібінен түспей тұрған шақта мемлекет бұл салаға жаңа серпін беруді көздеп отырғандай.

талабын да ескерген жөн. Өкінішке қарай, көптеген ата-ана үшін басты мақсат – баласының мемлекеттік білім грантын жеңіп алуы немесе кандай да бір жоғары оқу орнына түсіп, диплом иеленуі. Әрине, жоғары білімнің маңызы зор. Бірақ мамандықты тек грантқа қарап таңдау болашақта кәсіби кателікке ұрындыруы мүмкін. Ең алдымен талапкер өзінің қабілетін, қызығушылығын және еңбек нарығындағы сұранысты саралағаны дұрыс. Мамандық таңдауға дайындық мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Баланың қай пәнге бейімділігі жоғары екенін ерте анықтап, сол бағытта жүйелі жұмыс жүргізу – ата-ана мен мұғалімнің ортақ міндеті. Сарапшылардың пікірінше, Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты 5-6-сыныптан бастаған оқушының нәтижесі әлдеқайда жоғары болады.

Кейінгі жылдары Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі талапкерлер үшін анағұрлым қолжетімді бола түсті. Бұрын мектеп бітіруші ҰБТ-ны жылына бір рет тапсырса, бүгінде бас рет тестілеуге қатысу мүмкіндігі бар. Оның екеуі мемлекеттік грант конкурсына қатысуға арналса, қалған үш мүмкіндікті талапкерлер ақылы негізде жоғары оқу орнына түсу үшін пайдалана алады.

Ақылы бөлімге қабылдану үшін де белгілі бір талаптар сақталады. Көпшілік

білім беру бағдарламалары бойынша талапкер кемінде 50 балл жинауға тиіс. Ал педагогикалық ғылымдар мен құқық саласына түсу үшін шекті балл – 75. Сонымен қатар Қазақстан тарихы, бейіндік пәндер, оқу және математикалық сауаттылық бойынша белгіленген ең төменгі нәтижелерді алу міндетті. ҰБТ-дан шекті балл жинай алмаған талапкерлер үшін де жоғары білімге қол жеткізудің балама жолдары бар. Соның бірі – шығармашылық білім беру бағдарламалары.

Өткен 2025-2026 оқу жылында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетіне бакалавриатқа қабылданған студенттердің 114-і түрлі гранттың иегері атанды. Оның ішінде 102 студент мемлекеттік білім беру грантымен, 4 студент жергілікті атқарушы органның грантымен, 8 студент «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру грантымен тегін білім алуда. Мемлекеттік грантқа ие бола алмаған, бірақ ҰБТ-дан жоғары нәтиже көрсеткен талапкерлер үшін университет төртінші жыл қатарынан жүзеге асырып келе жатқан «ХТУ-дың 100 гранты» әлеуметтік жобасын ұсынады. Бұл жоба дарынды әрі әлеуметтік қолдауды қажет ететін жастарға жоғары білімді тегін алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар университет ақылы негізде білім алатын студенттерге де әлеуметтік қолдау көрсетеді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер толықтай тегін оқиды, – дейді қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Мұхит Байкулов.

Оқу орындағы тағы бір ерекшелік, ҰБТ-да шекті бал жинай алмаған талапкерге оқуға түсуге мүмкіндік бар. Бұл қос дипломды оқу жүйесі. Талапкер бірінші курстың семестрін Болгария немесе Тәжікстанда оқыса, қыста өз еліміздің оқу орнына оралуына мүмкіндігі бар. Міне, осылайша білім ордасы халықаралық статусы арқылы жастарға жана мүмкіндіктер туғызады.

Сондай-ақ былтыр аймақта Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылып, талапкерлерге сапалы білім алумен қатар, халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беріп отыр. Университетке оқуға түсіп, грант конкурсына қатысу арқылы талапкерлер су шаруашылығы, инженерия және басқа да сұранысқа ие бағыттар бойынша білім алуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар «Математика-Физика» бейіндік пәндері бойынша 50 және 65 балл жинаған талапкерлер үшін жекелеген білім беру бағдарламалары аясында Солтүстік Қытай су ресурстары және электроэнергетика университетінде (North China University of Water Resources and Electric Power, Қытай) білім алу мүмкіндігі қарастырылған.

Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті – су ресурстарын тиімді басқару, экологиялық тұрақтылық және заманауи инженерлік шешімдер саласында білікті мамандар даярлайтын бірегей білім ордасы. Университет талапкерлерге қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие, болашағы зор мамандықтарды таңдауға мүмкіндік береді. Студенттер гидроинформатика және Smart Water, SCADA/IoT технологиялары, Data Science және Big Data, GIS және спутниктік



Қазақтың батыры, жыраулық поэзияның көрнекті өкілі, елдік пен ерліктің символына айналған Ақтамберді Сарыұлының туғанына 350 жыл толуына арналған дүбірлі мерейтой Абай облысының Аягөз ауданында өтті. Екі күнге созылған тағылымы терең, мазмұны бай мерекелік шаралар қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртып, ұлттық рухты асқақтатқан айтулы сәттерімен ерекше әсер сыйлады.

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ,
РУХҚА ҚҰРМЕТ



А Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

Ақтамберді Сарыұлы – найзасының ұшымен елін қорғап, жырымен жұртын жігерлендірген сирек тұлғалардың бірі. Оның шығармалары елдік мұрат пен ерлік рухының көркем шежіресі болса, өмір жолы – ұлтқа қызмет етудің өнегелі үлгісі. Сондықтан батырдың мерейтойын тойлау – өткенді еске алу ғана емес, тәуелсіз елдің тарихи жалына тағзым ету.

Мерейтой Күндызды ауылындағы Ақтамберді жырау кесенесіне зиярат етуден басталды. Жиналған жұртшылық батыр рухына Құран бағыштап, қазақ тарихындағы орны айрықша тұлғаның алдында тағзым етті. Мерейтой аясында өткен «Жауға найза, елге мұра – Ақтамберді жыры» атты республикалық ғылыми конференция тарихи тұлғаның мұрасын жаңаша зерделеуге арналды. Жиынға белгілі әдебиеттанушылар, тарихшылар, шығыстанушылар мен қоғам қайраткерлері қатысып, Ақтамберді Сарыұлының шығармашылық әлемі, азаттық жолындағы күресі, жыраулық мектебіндегі орны туралы мазмұнды баяндамалар жасады. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Нұрәулет Ақыш, шығыстанушы ғылым Серікбай Қосан, Шәкәрім университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Амантай Исин және басқа да зерттеушілер батыр мұрасын ғылыми тұрғыдан саралап, тың пайымдарын ортаға салды.

Конференция барысында «Абыз баба – Ақтамберді» атты жана кітаптың тұсауы кесіліп, жырау мұрасын зерттеуге үлес қосқан бірқатар ғалым мен мәдениет қайраткеріне мерейтойлық төсбелі табыс етілді.

Жиынға қатысқан Абай облысы әкімінің орынбасары Мейірал Раханов облыс әкімі Берік Уәлидің құттықтауын жеткізіп, Ақтамберді Сарыұлының тұлғасы қазақ мемлекеттілігінің рухани негіздерімен сабақтас екенін атап өтті.

Мерейтойдың әсерлі сәттерінің бірі «Ерлікті, елдікті жырлаған Ақтамберді» республикалық жыр мұшайрасы болды. Байқауға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 119 ақын қатысты. Ұйымдастырушылар шығармалардың әділ бағаланыуына ерекше мән беріп, барлық туындыны авторының аты-жөнін көрсетпей қазылар алқасына ұсынаған. Бұл – мұшайраның ашық әрі әділ өткенінің айқын көрінісі. Қазылар алқасына Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы жетекшілік етті. Жыр додасының қорытындысында бас жүлде – автокөлік қарағандылық ақын Жанат Жаңқашұлына бұйырды. Бірінші орынды Ұларбек Нұрғалым, екінші орынды Айтмұханбет Бейсембеков, үшінші орынды Жұлдызай Ысқақ иеленді.

Ақындардың Ақтамберді рухына арналған жана жырлары көрерменнің ерекше ықыласына бөленіп, қазақ

поэзиясының өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Батыр баба мерейтойының негізгі шаралары Аягөз қаласындағы жана атшабар аумағында жалғасты. Елуен астам ақшаңқан киіз үй тігілген этноауыл ұлттық салт-дәстүрдің көрінісіне айналып, келген қонақтарға қазақы қонақжайлықтың үлгісін көрсетті.

Салтанатты ашылу театрландырылған қойылыммен басталды. Қазақ халқының қилы тарихы сахналанған көріністе Nomad каскадерлік тобы мен «Топжарған» этнографиялық ұжымы ат үстіндегі ерекше өнерлерімен көпшіліктің зор қошеметіне ие болды. Мерекенің сәнін ұлттық спорт жарыстары қыздырды. Қазақ күресі, дәстүрлі садақ ату, аударыспақ, теңге ілу, қыз қуу және бөйге сынды жарыстарда еліміздің әр өңірінен келген үздіктер бақ сынады. Қазақ күресіне 47 балауан қатысып, екі салмақ дәрежесінде жеңімпаздарды анықтады. Дәстүрлі садақ атудан 53 мерген шеберлігін дәлелдесе, аударыспақтан 38 шабандоз күш пен ептіліктің үлгісін көрсетті. Ал ат жарысының ауқымы мерейтойдың мәртебесін бұрынғыдан да арттыра түсті. Қазақстанның бірнеше облысынан және Қырғыз Республикасынан келген атбегілер арнайы баптаған тұлпарларын доғаға қосты. Төрт санат бойынша өткен бөйгеде 15 шақырымдық топ бөйгеге 30 тұлпар, «Аягөз аргымағы» жарысына 35 жүйрік, жорға жарысына 25 сәйгүлік, ал аламан бөйгеге 33 тұлпар қатысты. Дүбірлі додада жүйріктердің бабы мен шабандоздардың бағы сыналды.

Кешкілік өткен гала-концерт мерейтойдың шырайын аша түсті. Аягөз аудандық «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мәдениет үйінің өнерпаздары, облыстық мәдениет ұйымдарының шығармашылық ұжымдары және қазақ эстрадасының танымал өншілері Толқын Забирова, Қуандық Рахым, Әбдіжаппар Әлқожа және басқа да өнер майталмандары халыққа әннен шашу шашты.

Ақтамберді Сарыұлының 350 жылдық мерейтойы тарихи тұлғаның есімін ұлықтаумен ғана шектелген жоқ. Ол – қазақтың рухани мұрасын дәріптеген, елдік пен бірліктің құнын ұғындырған, ұлттық құндылықтарды жаңғыртқан тағылымды шара болды. Ғылыми конференция мен жыр мұшайрасы, театрландырылған қойылымдар мен ұлттық спорт жарыстары, мәдени-көпшілік бағдарламалар – бәрі де бір мақсатқа, яғни ұлттың тарихи жадын жаңғыртуға қызмет етті. Аягөз төрінде өткен бұл мерейтой Ақтамберді бабаның асқақ рухының халық жүрегіне мәңгі жасайтынын тағы бір мәрте айтқандай. Елдің әр өңірінен, тіпті көршілес Қырғыз Республикасынан келген қонақтар мен спортшылардың қатысуы мерекенің ауқымын арттырып қана қоймай, ортақ тарихи мұраның халықтарды жақындастыратын құндылық екенін көрсетті. Баба аманатына адалдық танытқан ұрпақтың осындай игі бас-тамалары ұлттық рухты нығайтып, елдік сананы асқақтата беретіні анық.

